

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің м.а.  
2023 жылғы 31 наурыздағы № 51  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2023 жылғы 31  
наурызда № 32216 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Биоэтикалық комиссиялар қызметінің талаптарға сәйкестігі  
сертификатының мерзімін және оны беру қағидаларын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9  
желтоқсандағы № ҚР ДСМ-243/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Биоэтикалық комиссиялар қызметінің талаптарға сәйкестігі  
сертификатының мерзімін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № ҚР  
ДСМ-243/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу  
тізілімінде № 21774 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан  
Республикасының Кодексі 228-бабының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген биоэтикалық комиссиялар қызметінің  
талаптарға сәйкестігі сертификатының мерзімін және оны беру қағидаларында:

1-тармақта мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Биоэтикалық комиссиялар қызметінің талаптарға сәйкестігі  
сертификатын беру және қолданылу мерзімі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар)  
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан



Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және биоэтикалық комиссиялар қызметінің талаптарға сәйкестігі сертификатын (бұдан әрі – сертификат) беру және қолданылу мерзімінің тәртібін айқындайды.»;

9-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ЖКБ және Комиссияның қолда бар жұмыс істеу шарттарының орналастырылуын тексеруді;»;

10-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) орнында тексеруден бөлек (егер БЖК отырысының және орнында тексеру күні сәйкес келмесе).

БЖК кеңес өткізілгенге дейін 3 жұмыс күні бұрын инспекторларға бақыланатын отырысқа тиісті күн тәртібінің көшірмесін ұсынады.

Инспекторлар отырысқа қатыспайды және тек бақылаушы ретінде қатысады.

БЖК отырысын бақылау нәтижелері инспектордың есебіне (бұдан әрі – есеп) және сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс – қимыл жоспарына (бұдан әр - қимыл жоспары) арналған ұсынымдарға енгізіледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Инспекторлар БОК мынадай бірыңғай құжаттар пакетін ұсынады:

1) беру актісі;

2) БЖК инспекциялау нәтижелері бойынша есеп;

3) оның орындалуы жөніндегі ақпараты бар іс-қимыл жоспары;

4) өзін-өзі бағалау нысаны;

5) зерттеу файлдарын тексеру чек-парағы;

6) БЖК отырысына қатысу үшін бақылау чек-парағы.».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адам ресурстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а.**

**А. Ғиният**